

"Астана қаласының халқына жедел және шұғыл жәрдем көрсету қызметін дамытуды қолдау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасында ноталар алмасу нысанында келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 маусым N 701

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Астана қаласының халқына жедел және шұғыл жәрдем көрсету қызметін дамытуды қолдау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасында ноталар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы (бұдан әрі - Келісім) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан

Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев
Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісімді жасасын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі тартылатын грант қаражатын мақсатты және тиімді пайдалануды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің нотасы
Жоғары мәртебелі,

Екі ел арасындағы достық байланыстар мен ынтымақтастықты кеңейту үшін жапон экономикалық ынтымақтастығы жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Жапония Үкіметінің өкілдері арасында жақында өткізілген талқылауды қуаттауды әрі Жапония Үкіметінің атынан мынаны ұсынуды мәртебе санаймын:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Астана қаласының халқына жедел және шұғыл жәрдем көрсету қызметін дамытуды қолдау" жобасын (бұдан әрі "Жоба" деп аталады) іске асыруға көмектесу мақсатында Жапония Үкіметі Жапония заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне төрт жүз елу төрт миллион (Ү 454,000,000) иен мөлшерінде грант (бұдан әрі "Грант" деп аталады) бөледі.

2. Грант осы Келісім күшіне енген күннен бастап _____ жылдың ішінде ұсынылады.

3. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі Грантты тек төменде аталған

Жапонияның немесе Қазақстан Республикасының өнімдерін немесе Жапония бодандарының немесе Қазақстан Республикасы бодандарының қызметтерін сатып алу үшін пайдаланады ("бодандар" термині жапондық бодандар жөнінде жапондық жеке немесе заңды тұлғаларды, қазақстандық бодандар жөнінде - қазақстандық жеке немесе заңды тұлғаларды білдіреді):

(а) Жобаны іске асыру үшін қажетті көлік құралдары мен жабдық;

(б) Қазақстан Республикасына және ел ішінде (а) тармақшасында көрсетілген өнімдерді тасымалдау үшін қажетті қызметтер.

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік хатшысы -

Сыртқы істер министрі

Жоғары мәртебелі

Қасымжомарт Тоқаев мырзаға

(2) Егер екі Үкімет қажет деп тапса, (1) тармақтың жоғарыда айтылған шартына қарамастан, Грант (1) тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген өнімдердің Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдерде шығарылғанын әрі (1) тармақтың (а) және (б) тармақшаларында көрсетілген қызметтерді Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдер азаматтарынан немесе заңды тұлғаларынан сатып алуға пайдаланылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары 3-параграфта айтылған өнімдер мен қызметтерді сатып алу үшін жапондық бодандармен жапондық иенде келісім-шарт жасасады. Грант үшін ыңғайлы келісім-шарттарды Жапония Үкіметі бекітетін болады.

5. (1) Грантты Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары 4-параграфқа сәйкес бекітілген келісім-шарттарға (бұдан әрі "Бекітілген Келісім-шарттар" деп аталады) сай алған міндеттемелерді жабу үшін Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары жапондық иенмен Жапония банкісінде (бұдан әрі "Банк" деп аталады) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына ашылған шотқа төлемдер жасау жолымен ресімдейді.

(2) (1) тармақта көрсетілген төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары өкілдік берген Банк Жапония Үкіметіне төлем өтінішіне ақы төлеу жүргізу берген кезде орындалады.

(3) (1) тармақта көрсетілген шотты ашудың жалғыз мақсаты 3-параграфта айтылған өнімдер мен қызметтерді сатып алу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің

жапондық иенде төлемдер алуы болып табылады. Банк шотынан кредит пен дебет алуға қатысты рәсімдік егжей-тегжейлер Банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы консультациялар кезінде келісіледі.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай шараларды қабылдайды:

(а) Грант арқылы сатып алынған тауарларды кедендік рәсімдеуге және Қазақстан Республикасы аумағында ішкі тасымалдауға кепілдік беру;

(б) Жапония бодандарын Грант қаражаты есебінен алған кірістерінен табыс салығын төлеуден босату;

(в) Бекітілген Келісім-шарттар бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізуге байланысты қызметі қажет болатын Жапония бодандарына өздеріне тиісті жұмыстарды орындауы үшін Қазақстан Республикасына келу және оның аумағында болу жағдайларын қамтамасыз ету;

(г) Жобаны іске асыру мақсатында Грант бойынша сатып алынған тауарларды мақсатты және тиімді пайдалануға кепілдік беру;

(д) Грантпен жабылатындардан басқа, Жобаны іске асыру үшін қажетті барлық шығысты көтеру.

(2) Қазақстан Республикасының Үкіметі Грант арқылы сатып алынған тауарларды көліктік және теңіздік тасымал сақтандыруына қатысты көліктік және теңіздік тасымал сақтандыру компанияларының арасында әділ әрі еркін бәсекелестікке кедергі келтіруі мүмкін қандай да бір шектеулер белгілеуден бас тартады.

(3) Грант арқылы сатып алынған тауарлар Қазақстан Республикасынан қайта экспортқа шығарылмайды.

7. Грант беруге байланысты туындауы мүмкін мәселелер бойынша екі Үкімет бір-бірімен консультациялар жүргізеді.

Осы нота мен Жоғары мәртебелінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне

қатысты жоғарыда баяндалғанды қуаттаған жауап нотасы осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің орындағаны туралы жазбаша хабарламасын Жапония Үкіметі алған күннен бастап күшіне енетін екі мемлекеттің үкіметтері арасындағы Келісім болып табылатындығын хабарлауды мәртебе санаймын.

Жоғары мәртебеліге өзімнің терең құрметімді білдіру үшін осы мүмкіндікті пайдаланып отырмын.

Жоба

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің нотасы

Жоғары мәртебелі,

Мәтіні төменде келтірілген Сіздің _____ N _____ нотаңызды алғандығымды хабарлауды мәртебе санаймын.

"Жоғары мәртебелі,

Екі ел арасындағы достық байланыстар мен ынтымақтастықты кеңейту үшін жапон экономикалық ынтымақтастығы жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Жапония Үкіметінің өкілдері арасында жақында өткізілген талқылауды қуаттауды әрі Жапония Үкіметінің атынан мынаны ұсынуды мәртебе санаймын:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Астана қаласының халқына жедел және шұғыл жәрдем көрсету қызметін дамытуды қолдау" жобасын (бұдан әрі "Жоба" деп аталады) іске асыруға көмектесу мақсатында Жапония Үкіметі Жапония заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне төрт жүз елу төрт миллион (Ү 454,000,000) иен мөлшерінде грант (бұдан әрі "Грант" деп аталады) бөледі.

2. Грант осы Келісім күшіне енген күннен бастап _____ жылдың ішінде ұ с ы н ы л а д ы .

3. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі Грантты тек төменде аталған Жапонияның немесе Қазақстан Республикасының өнімдерін немесе Жапония бодандарының немесе Қазақстан Республикасы бодандарының қызметтерін сатып алу үшін пайдаланады ("бодандар" термині жапондық бодандар жөнінде - жапондық жеке немесе заңды тұлғаларды, қазақстандық бодандар жөнінде - қазақстандық жеке немесе заңды тұлғаларды білдіреді):

(а) Жобаны іске асыру үшін қажетті көлік құралдары мен жабдық;

(б) Қазақстан Республикасына және ел ішінде (а) тармақшасында көрсетілген өнімдерді тасымалдау үшін қажетті қызметтер.

Жапонияның Қазақстан Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті Елшісі
Жоғары мәртебелі
Тосимицу Мори мырзаға

(2) Егер екі Үкімет қажет деп тапса, (1) тармақтың жоғарыда айтылған шартына қарамастан, Грант (1) тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген өнімдердің Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдерде шығарылғанын әрі (1) тармақтың (а) және (б) тармақшаларында көрсетілген қызметтерді Жапониядан немесе Қазақстан Республикасынан өзге үшінші елдер азаматтарынан немесе заңды тұлғаларынан сатып алуға пайдаланылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары 3-параграфта айтылған өнімдер мен қызметтерді сатып алу үшін жапондық бодандармен жапондық иенде келісім-шарт жасасады. Грант үшін ыңғайлы келісім-шарттарды Жапония Үкіметі бекітетін болады.

5. (1) Грантты Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары 4-параграфқа сәйкес бекітілген келісім-шарттарға (бұдан әрі "Бекітілген Келісім-шарттар" деп аталады) сай алған міндеттемелерді жабу үшін Жапония Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары жапондық иенмен Жапония банкісінде (бұдан әрі "Банк" деп аталады) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына ашылған шотқа төлемдер жасау жолымен ресімдейді.

(2) (1) тармақта көрсетілген төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары өкілдік берген Банк Жапония Үкіметіне төлем өтінішіне ақы төлеу жүргізу берген кезде орындалады.

(3) (1) тармақта көрсетілген шотты ашудың жалғыз мақсаты 3-параграфта айтылған өнімдер мен қызметтерді сатып алу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жапондық иенде төлемдер алуы болып табылады. Банк шотынан кредит пен дебет алуға қатысты рәсімдік егжей-тегжейлер Банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы консультациялар кезінде келісіледі.

6. (1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай шараларды қабылдайды:

(а) Грант арқылы сатып алынған тауарларды кедендік ресімдеуге және Қазақстан Республикасы аумағында ішкі тасымалдауға кепілдік беру;

(б) Жапония бодандарын Грант қаражаты есебінен алған кірістерінен табыс салығын төлеуден босату;

(в) Бекітілген Келісім-шарттар бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізуге байланысты қызметі қажет болатын Жапония бодандарына өздеріне тиісті жұмыстарды орындауы үшін Қазақстан Республикасына келу және оның аумағында болу жағдайларын қамтамасыз ету;

(г) Жобаны іске асыру мақсатында Грант бойынша сатып алынған тауарларды мақсатты және тиімді пайдалануға кепілдік беру;

(д) Грантпен жабылатындардан басқа, Жобаны іске асыру үшін қажетті барлық шығысты көтеру.

(2) Қазақстан Республикасының Үкіметі Грант арқылы сатып алынған тауарларды көліктік және теңіздік тасымал сақтандыруына қатысты көліктік және теңіздік тасымал сақтандыру компанияларының арасында әділ әрі еркін бәсекелестікке кедергі келтіруі мүмкін қандай да бір шектеулер белгілеуден бас тартады.

(3) Грант арқылы сатып алынған тауарлар Қазақстан Республикасынан қайта экспортқа шығарылмайды.

7. Грант беруге байланысты туындауы мүмкін мәселелер бойынша екі Үкімет бір-бірімен консультациялар жүргізеді.

Осы нота мен Жоғары мәртебелінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты жоғарыда баяндалғанды қуаттаған жауап нотасы осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің орындағаны туралы жазбаша хабарламасын Жапония Үкіметі алған күннен бастап күшіне енетін екі

мемлекеттің үкіметтері арасындағы Келісім болып табылатындығын хабарлауды
м ә р т е б е с а н а й м ы н .

Жоғары мәртебеліге өзімнің терең құрметімді білдіру үшін осы мүмкіндікті
п а й д а л а н ы п о т ы р м ы н . "

Қазақстан Республикасының Үкіметі Жапония Үкіметінің ұсынысымен келіседі
және Жоғары мәртебелінің _____ N ____ нотасы мен осы нота бұл Келісім күшіне
енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің
орындағаны туралы жазбаша хабарламасын Жапония Үкіметі алған күннен бастап
күшіне енетін екі мемлекеттің үкіметтері арасындағы Келісім болып табылатындығын
х а б а р л а у д ы м ә р т е б е с а н а й м ы н .

Жоғары мәртебелі, өзімнің терең құрмет білдіруімді қабыл алыңыз.

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік хатшысы -
Сыртқы істер министрі
Қасымжомарт Тоқаев

Астана 2002 жылғы " ____ " _____

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.